

Мұғалжар ауданы Қ. Жұбанов атындағы ауылдық округінің Қаракөл және Жаңатұрмыс ауылдары аумақтарында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Қ.Жұбанов атындағы ауылдық округінің әкімінің 2015 жылғы 25 қыркүйектегі № 6 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 09 қазанда № 4539 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Қ.Жұбанов атындағы ауылдық округінің әкімінің 2016 жылғы 18 мамырдағы № 1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Қ.Жұбанов атындағы ауылдық округінің әкімінің 18.05.2016 № 1 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Мұғалжар аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2015 жылғы 25 қыркүйектегі № 1-26/327 ұсынысының негізінде, Қ. Жұбанов атындағы ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мұғалжар ауданы Қ. Жұбанов атындағы ауылдық округінің Қаракөл және Жаңатұрмыс ауылдары аумақтарында ірі қара малдарының арасынан бруцеллез ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау "Мұғалжар ауданының Қ.Жұбанов атындағы ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің жетекші маманы Р. Бисенбинге жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округінің әкімі

К. Биримжанов